

Құрметті достар!

Мен жаңа жыл мерекелері қарсаңында өткен 2011 жылды қорытындылағым келеді.

2011 жыл бойғы жобаны басқарумен байланысты барлық қиыншылықтарға қарамастан, осыдан бірнеше күн бұрын Жобаға Қазақстан Республикасының үлесі бойынша келісімге қол жеткендігі туралы хабарды біз зор қуанышпен және мақтанышпен хабарлаймыз. Бұл жағдай бізге үлкен үміт пен сенім артады және жаңа белестерге шабыттандырады. Бұл келісім Қарашығанақ жобасының дамуына оң әсер ететініне сенімдіміз.

Коммерциялық өнеркәсіп ретінде КПО өндірістік саламен тұрақты дамуға көптеген инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда ҚКҚ (Қарашығанақ қайта өңдеу кешеніндегі) IV Технологиялық желі құрылысының аяқталуы 2011 жылғы маңызды жағдай болып саналады, ағымдағы айда Қазақстан Республикасының Президенті ҚКҚ-і жылына қуаты 2,57 миллион тонна болатын конденсатты тұрақты ұлғайтатын мүмкіндігі бар IV Технологиялық желі құрылысының аяқталуын жоғары бағалады.

Еңбекті қорғау, өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) саласында наурыз айында болған адам өліміне әкеліп соқтырған қатерлі



жағдайдан кейін біз жыл бойы қайғылы жағдайды болдырмау, қатерлі жағдайды нөлдік көрсеткішке жеткізу үшін жұмыс істедік. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерінің саласын көтеру бойынша өткізілетін іс-шаралардың ішінен мен КПО-да өткізілген Қауіпсіздік техникасы күнін, апатқа қарсы әрекет ету және оған дайындық, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларының іске қосылу бағдарламаларын атап өткен болар едім.

Қыркүйек айында КПО OSHAS 18001 және ISO 14001 Халықаралық кәсіби менеджмент жүйесі бойынша қауіпсіздік және денсаулық пен экологиялық менеджментке сәйкестілік қайталама сертификаттауынан сәтті өтіп, мерзімін ұзартты.

Өндірістік сала талаптарына сәйкес ішкі басқару жүйесіндегі процестерде үлкен өзгеріс болып табылатын SAP жобасының іске қосылуы жақын арада аяқталмақ. SAP жаңа жүйесі Ішкі бизнес-процестерді сапамен қамтамасыз етіп қана қоймай, бізге жаңа жұмыс әдістерін енгізуге көмектеседі. Қыркүйек айында барлық іске қосу кешендеріндегі шаралармен бірге Орал-Қарашығанақ құбыржолының құрылыс жобасы аяқталды. Қазіргі уақытта жобаны жергілікті компаниялардың меншігіне беру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл құбыржолы Қарашығанақ кенорнынан Орал қаласына дейінгі барлық елді мекендерді қамти отырып, Батыс Қазақстан облысындағы бес аудан көлемі бойынша жүз мыңнан астам тұрғындарды тұрақты газбен қамтитын әлеуметтік маңызы жоғары инфрақұрылымдық жоба болып табылады.

2011 жылы КПО бірнеше әлеуметтік инфрақұрылым жоба жұмыстарын аяқтады, Орал қаласында салынған қуаты 54 мВт газтүрбінді станциясынан жылу жүйесін тарту, Ақсай-Ақбұлақ сұқбырын салу, Ақсайдың 10-шы ықшам ауданындағы қазандықты жөндеуден

өткізіп, Приуральное селосындағы орта мектепті қайта салу мен Жымпиты ауылындағы өнер мектебінің құрылысы. Қазақстандық жергілікті инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы шеңберінде КПО 2011 жылы тоғыз ай бойы тауарлар берумен жұмыс және қызмет көрсетуге келісімшарт тапсырды, 288 қазақстандық компанияға 328 миллион құнды АҚШ доллары көлемінде қызмет көрсетті.

Барлық жоғарыда көрсетілген бастамалар мен басқа да қол жеткізген жетістіктер КПО компаниясының Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан Облысы Бөрлі ауданы мен Ақсай қаласындағы тұрақты дамуы қамтамасыз ететіндігінің жоғары көрсеткіші болып табылады.

Барлықтарыңызға 2011 жылғы қажырлы ерен еңбектеріңіз үшін алғыс айта отырып, алдағы 2012 жылы да компанияда бірлесіп ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақырамын, еңбегіміз жемісті болсын! Егер біз бір команда болып бірігіп, бірлесіп жұмыс істесек қана үлкен көрсеткіштерге қол жеткізе аламыз.

Жаңа 2012 жылмен Рождество қарсаңында Сіздерге және сіздің отбасыларыңызға денсаулық пен бақыт тілеймін. Мереке күндерін жақсы көтеріңкі көңілмен және қауіпсіз жағдайларда өткізулеріңізге тілектеспін!

Жаңа 2012 жылмен!

*Ізетмі тілекпен,
Бас директор
Джузеппе Паззи*

Ләззат Киинов - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімі бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Болат Ақшолоқовтың қызметі тоқтатылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып Ләззат Киинов тағайындалды. Киинов Ләззат Кетебайұлы 1949 жылы туған, ұлты - қазақ, білімі жоғары, 1971 жылы «Геология және мұнай-газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша Қазақ политехникалық институтынан аяқтады.

Л.К. Киинов институтты бітірген соң, 1971 жылы «Жетібаймұнай» мұнай-газ

өндіру басқармасында мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор болып бастап, өңдеу және талдау зертханасының басшысына дейін өсті.

Л.К. Киинов 1977-1993 жылдары Маңғыстау облыстық партия комитетінің өнеркәсіп-көлік бөлімінің инспекторы, «Маңғышлақмұнайөндірісхим» аумақтық өндіріс басқармасының бас инженері, «Қаражанбастерминал» мұнай-газ өндіру басқармасының ұңғаларды күрделі жөндеу және мұнай беру пластывларын жоғарылату жөніндегі «Қаражанбас» басқармасының бастығы, «Комсомольскмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы.

1992 жылы - «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры.

1993 жылы Маңғыстау облыстық әкімшілік басшысына тағайындалды. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасарына тағайындалды. 1997-1999 ж. «Каспий құбыр» бірлестігінің бас директорының орынбасары қызметін атқарды.

1999 жылы Маңғыстау облысының әкімі болып тағайындалды. 2002 жылғы ақпаннан «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ президентінің лауазымына тағайындалды. 2003 жылғы наурыздан Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі. 2010 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін Мұнай және газ вице-министрі.

«Парасат» орденімен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалымен марапатталған.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасы

Құрметті әріптестер!

10 желтоқсан күні ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасының жаңа бағдарламасының іске қосылатынын қуана хабарлаймыз. Бұл карточка Қауіпсіз іс-әрекет және Қауіпті факторды хабарлау бағдарламаларын алмастырады.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасының мақсаты бірегей хабарлау карточкасын енгізу, хабарлау процесін жеңілдетіп, мәлімет жинақтауды орталықтандыру және бекітілген шаралардың орындалуын қадағалау.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы жұмыс орында кезінде байқаған қауіпті факторлар, қауіпті/қауіпсіз іс-әрекет жөнінде хабарлауыңызға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл карточка арқылы сіз КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсыныстар жасап, өз идеяларыңызбен бөлісе аласыз.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде КПО-ның барлық нысандарындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ақпарат тақталарында немесе сілтемеде орналасқан.

Әр толтырылған карточканы тікелей жетекшіңізге немесе бөліміңіздің/нысаныңыздың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ өкіліне

беріңіз немесе әр ғимаратта орналасқан ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын жинақтауға арналған жәшікке салыңыз. Сондай-ақ, электрондық хат арқылы HSECardSup@kpo.kz мекен-жайына жолдаңыз.

Барлық толтырылған карточкалар жиналып, талданады, содан соң қажеттілігіне қарай тиісті шаралар қолданылады.

Барлық қызметкерлердің осы біріктірілген жаңа хабарлау жүйесі мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасын толтыру тәртібі жөнінде қажетті деңгейде хабар болуын қамтамасыз ету мақсатында Қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша корпоративтік бөлімінің өкілдері, бөлім/нысан қызметкерлері арасынан тағайындалған арнайы оқытушылар және Оқытушыны оқыту курсынан өткен мамандар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы бойынша оқыту өткізеді.

Қосымша ақпаратқа қоса КПО Бас директоры Джузеппе Пазидің осы жаңа бастаманы қолдауын ұсынатын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жаңа карточкасы бағдарламасының бейнеролигін келесі сілтемеде көруге уақытыңызды бөлуіңізді сұраймыз.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы бағдарламасының таныстырылымы –



бағдарлама процесі мен қағидалары туралы (1 слайд) қосымшада тіркелген.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы

бағдарламасы жөніндегі толық ақпаратпен интранет бетінде келесі сілтемеде таныса аласыз.

Өмірді жақсы жағына қарай өзгерт

КПО-ның қағаз қалдықтарын жинау жобасын қолда.

2001 жылдың 10 желтоқсанынан бастап КПО қағаз қалдықтарын екінші рет қайта пайдалану үшін жинау жөніндегі жаңа жобаны табысты жүзеге асыруда. Жобаны жүзеге асыру кезең кезеңмен жүргізілгенін еске сала кетейік. Олар макулатураның көптеп жиналған нысандарын анықтау мен оны шығару кестесі, шығару кестесінің келісім шарты, оны өлшеу мен шығару, ең соңғы кезең макулатураны тиеу мен қайта өңдеу зауытына жіберу.

Табысты жобаны іске қосудағы тағы бір кезең КПО қызметкерлері мен жобаға тартылған жұмысшыларды тұрақты хабарландырып отыру мен оқыту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін нұсқаулық, таныстырылым жұмыстары мен есептер жүргізіледі. Бұл жобаның бастамашысы және жүзеге асырушысы КПО-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративті бөлімі болып табылады.

Бұдан басқа бұл жобаға ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ сервистік қызмет көрсету бөлімдері, инфрақұрылым мен сервистік қызмет көрсету, КПО-ның экологиялық орталығы, сол сияқты КПО-ның бас кеңсесінің, «Қазбұрғаздың», КВЧ мен Оқу орталығының барлық қызметкерлері

қатысуда. Жобаның іске қосылған уақытынан бастап макулатура жинау қосымша РГП 1 және 3 блоктарында да жинала бастады.

Қағаз қалдықтарын тазалыққа жауап беретін адам арнайы жабдықталған орындарға апарыды. Өрбір ғимаратта арнайы жасалған, қағаздарды уақытша сақтауға арналған орын болады.

Қағаз қалдықтарын қайта өңдеу әлемдегі қалдықты жоюдың ең кең тараған тәсілі болып табылады. Бірақ көбінесе шикізат пен қағаз қалдығын қабылдау оны тасымалдаудың проблемасына орай шектеулі. Ал жобаны біздің ауданда жүзеге асыруға қайта өңдеу зауыттары мен көшенің жоқтығы кедергі келтіреді. Бүгінгі таңда «Павлодар картон-рубериод» зауыты АҚ біздегі қағаз қалдықтарын қабылдайтын мүмкіндігі бар бірден бір өңдеуші орын. Ол Павлодар қаласының өндірістік аймағында орналасқан. Зауытқа дейінгі тасымал тек темір жол көлігі арқылы және вагон белгілі бір деңгейде толғанда барып жүзеге асырылады.

Бұл ірі жобаны жүзеге асыру мақсатында КПО компаниясы қағаз қалдықтарын қайта өңдеу үшін «Павлодар картон-рубериод» зауыты АҚ республикалық кәсіпорнымен келісім жа-

сады, сол сияқты жергілікті «РегионГаз-Жобалау» компаниясымен КПО нысандарынан қағаз қалдықтарын жинау мен «Павлодар картон-рубериод» зауытына жеткізу үшін келісім-шартқа отырды.

Қағаз қалдығын тасу бойынша мердігерлік компания қағаз қалдықтарын орталық қоймаға апарыды, ол жерде сұрыпталып, престеліп, маркіленеді. Вагонға тиелген қағаз қалдықтары қайта өңдеу зауытына жіберіледі. «Павлодар картон-рубериод» зауыты жұмыртқа салатын жәшіктер, дәретхана қағаздары, т.б. шығарады.

Қағаз қалдықтарының отандық технологиясында оның негізінен целлюлоза-қағаз өндірісінде қағаз бен картонның түрлерін жасауға пайдаланады. Дамыған елдерде қағаз қалдығы қағаз өндірісінде талшықты шикізаттың маңызды көзі болып табылады. Шет елдердегі қағаз қалдығын пайдаланып шығаратын негізгі өнім түрлері мыналар: қаптауға арналған қағаз бен картон түрлері, газетке арналған, жазуға арналған және санитарлық-гигиеналық қағаздар. Құрылыс материалдары өндірісінде қағаз қалдығын төбе жабынына, судан қорғаушы және жылу ұстаушы материал ретінде пайдаланады. Зауыт ешқандай жапсырмасыз, кірсіз тек қана құрғақ қағаз қалдығын ғана қабылдайды,

өйткені басқа қатты нәрселер қондырғыға зиянын тигізуі мүмкін.

Қағаз қалдығын қайта өңдеу КПО-ның табиғат қорғау шараларының жоспарлы бір бөлігі екендігін және оның экологиялық заңнамалар талаптарына сай екендігін атап айтқан жөн. ISO 14001 талаптарына сәйкес КПО өндірістік және коммуналдық қалдықтарды жоюды міндетіне алады.

Бұл жерде компания үшін де, қала мен оның тұрғындары үшін де экономикалық және әлеуметтік жағынан пайдалы екендігі анық. Бұл дегеніміз, қағаз қалдықтарын бөлек жинауды күнделікті практикаға енгізу, жыл сайын өсіп келе жатқан электр қуаты мен табиғи ресурстарды үнемдеу. Бұдан басқа қоқыс төгетін орынға тасытын қалдықтар көлемі азаяды. Кез келген қалдықтың оның өндірісіне жұмсалған белгілі бір дәрежеде қуаты бар, демек қуат алу үшін қалдықтарды пайдалану бар энергоресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы жобаның бастамашылары компанияның барлық қызметкерлеріне жобаны қолдауға, тек жұмысқа қажетті қағазды ғана басуға, қағаздың екі бетін де пайдалануға, пайдаланылған қағазды жазу үшін қайта қолдануға шақырады.

Жоба іске қосылғалы барлығы 21061 тонна қағаз қалдығы жиналғанын атап айтқан жөн.

Итальян тілін үйренейік

Чех қалашығында бірнеше жылдан бері итальян тілі мектебі жұмыс жасайды. Тіпті бұл итальян тілінің мектебі емес, итальян тілін үйрену жөніндегі мәдени орталық дегуге болады. Бұл орталықтың негізін осыдан бірнеше жыл бұрын КПО компаниясының қызметкерлері итальян және қазақ мамандары салған еді. Ал мектепті ашу идеясы, сөз жоқ, КПО-да ұзақ жылдар бойы материалдық қамтамасыз етудің болып

жұмыс жасаған, қазір өзінің туған Италиясында еңбек ететін Джанлука Кьяренцікі. Ол еліне қайтқанымен, мұндағы тіл үйрену жұмысы тоқтаған жоқ. Мектеп жанындағы кітапханада көптеген сөздіктер, көркем әдебиет пен грамматика бойынша оқулықтар бар. Бұл кітаптардың көпшілігін Италиядағы «Ақсайкультура» ассоциациясы жіберген.

Қазіргі таңда итальян тілі мектебінің бейресми



директоры КПО-ның бас директорының атқарушы ассистенті Жанар Россельбаева. Бірнеше жылдың ішінде Жанар итальян тілін жақсы меңгеріп алды. Қазіргі уақытта осынау тамаша тілді игергісі келетін КПО қызметкерлері арасында өз білімімен бөлісіп арасы.

Осы итальян тілін игеруді бастағандарға ҚТ бөлімінің аудармашысы Елена Аksenova көп көмек көрсетуде. КПО қызметкерлері Жанар мен Еленаның айтуынша, бұл тілді игерушілер әуелі өліппесін, көбірек пайдаланатын сөздерді, оқу әдеби үйренеді. Біртіндеп олар қарапайым ережеден күрделіге қарай көше береді: сауатты және дұрыс сөйлем құрау үшін грамматиканың негіздерін үйренеді.

Тілді үйрету тілді тасымалдау құралы болып табылады. Сондықтан оны үйрену де жылдам жүреді. Жобада жұмыс жасайтын итальяндық мамандар өздерінің білімдерімен қуана қуана бөліседі. Итальян тілі курсына КПО-ның көптеген қызметкерлері қатысатынын атап өткен жөн. Сабақтар Чех қалашығындағы мектепте өтеді. Және осы тілді үйренуге құштар қызметкерлер саны арта түсуде. Өйткені, бұл тілді игеру Еуропа елдерінің мәдениетінен, нағыз ғылым мен өнер құндылықтарынан хабар беретін баға жетпес әдеби мұраға ғана жол ашпайды, Италияның атақты театрларына, музыкасы мен операсына, кинематография мен теледидарына кең жол ашады.